

№4 зертханалық жұмыс

Жұмыс бригадасы мүшелерінің еңбекақысын анықтау

Жұмыстың мақсаты: бригаданың әрбір мүшесінің кәсіби шеберлігі үшін үстеме төлемдерді және электр энергиясын үнемдегені үшін берілетін сыйақыларды қоса отырып, еңбекақысын табу, алынған нәтижелерді талдау.

1 Тапсырма

1.1 Бригаданың әр мүшесінің тарифтік еңбекақысы мен барлық бригаданың тарифтік еңбекақысын анықтау.

1.2 Бригаданың нақты жасаған жұмысқа алатын еңбекақысы және бригаданың әр мүшесі үшін анықтау.

1.3 Бригаданың әрбір мүшесінің профессионалдық шеберлігі үшін төленетін үстеме төлемдерді және электр энергиясын үнемдегені үшін берілетін сыйақыларды қоса отырып еңбекақысын табу.

2 Зертханалық жұмыстың орындалу әдістемесі

3 Алынған нәтижелерді талдау

1.1 Бригаданың әр мүшесінің тарифтік еңбекақысы мен барлық бригаданың тарифтік еңбекақысын анықтау

1 Кесте - Мұнай-химиялық, химиялық және мұнай өңдеу өнеркәсібіндегі жасанды төлеммен жұмыс істейтін жұмысшылар үшін сағаттық тарифтік жүктеме тенге/сағ

Выпуск продукции		85,8
Расценка на выработку, тенге/м		950
Эконом. электроэнергии, кВт		7 000
Тариф на эл. энергию, тенге/кВт		6,5

1.2 Бригаданың нақты жасаған жұмысқа алатын еңбекақысы және бригаданың әр мүшесі үшін анықтау

Разряд	Кол-во раб.	T	Si	Збр.т	a	Зфи
I	-	-	279		0,11	
II	1	161	314	51741	0,14	14515,2821 3
III	1	144	345	51872	0,2	13433,1452 3
IV	-	-	401		0,24	
V	3	161	431	69391		39314,9263 8
VI	1	164	458	78865		60831,6274 3
Итого:		309	2267	700402		84560,36

жасанды еңбекақы төлеу кезінде бригаданың әр мүшесі үшін нақты жасаған жұмысқа алатын еңбекақысын анықтау үшін жасанды коэффициент анықталады

$$K_{ж} = E_{бр}^н / E_{бр}^т, \quad (1)$$

Мұндағы борис $E_{бр}^н$ - өндірілген өнім мен жасанды бекітілген бағамен анықталатын бригаданың нақты істеген еңбекақысы;

$E_{бр}^т$ – берілген жұмысшының нақты істелген уақытқа және мамандығына (разрядына) байланысты анықталатын бригаданың барлық мүшелерінің тарифтік еңбекақысының қосындысы, яғни бригаданың тарифтік еңбекақысы және ол төмендегідей есептеледі

$$E_{бр}^н = V * P, \text{ теңге}, \quad (2)$$

$$E_{бр}^т = \sum(T_i * S_i), \text{ теңге}, \quad (3)$$

мұндағы V - бригаданың өндірген өнімі, м²;

P - өндіруге бекітілген баға, теңге/м²;

T_i - i- жұмысшымен нақты істелген уақыт;

S_i- i- жұмысшының сағаттық тарифтік жүктемесі.

1.3 Бригаданың әрбір мүшесінің кәсіби шеберлігі үшін төленетін үстеме төлемдерді және электр энергиясын үнемдегені үшін берілетін сыйақыларды қоса отырып, еңбекақысын табу

Кәсіби шеберлігі үшін төленетін үстеме төлемдер 3, 4, 5, 6 разрядтарға сәйкес тарифтік жүктемеден 12, 16, 20, 24 % мөлшерінде бекітіледі. Электр энергиясын үнемдегені үшін бригадаға берілетін сыйақыларды есептеу үшін үнемделген электр энергиясы құнының 80% деп алынады және оны жұмысшының нақты істеген уақытына пропорционалды және мамандығына байланысты бригадалар мүшелерінің арасында бөліп тарату арқылы жүзеге асады

$$E^n = T_i * S_i * K_{ж} + \alpha * T_i * S_i + \Delta \mathcal{E} * 0,8 * B * K_{сый}, \text{ теңге,} \quad (4)$$

мұндағы $K_{ж}$ - 1-кейіптеме бойынша анықталатын бригаданың нақты істеген еңбегіне алатын еңбекақысын бөліп тарату коэффициенті;

α – кәсіби шеберлігі үшін бекітілетін үстеме төлем коэффициенті (0.12, 0.16, 0.20, 0.24);

$\Delta \mathcal{E}$ – үнемделген электр энергиясының мөлшері, кВтсағ;

B – орташаланған электр энергиясының тарифі, теңге/кВтсағ;

$K_{сый}$ – электр энергиясын үнемдегені үшін бекітілетін сыйақыны бөліп тарату коэффициенті.

Сыйақыны бөліп тарату коэффициенті төмендегідей анықталады

$$K_{сый} = (\Delta \mathcal{E} * 0,8 * B) / E^n_{бр}. \quad (5)$$

2 Зертханалық жұмыстың орындалу әдістемесі

Зертханалық жұмыс келесі кезекпен орындалады:

2.1 Жазбаша есептеуді компьютерде тексеру. Ол үшін берілген мәліметтер енгізіледі (1,2-кесте) және 1.1-1.3 баптарда келтірілген алгоритм бойынша бригаданың әрбір мүшесінің кәсіби шеберлігі үшін төленетін үстеме төлемдерді және электр энергиясын үнемдегені үшін берілетін сыйақыларды қоса отырып еңбекақысын анықтау.

2.2 Есептеулердің нәтижелерін талдау үшін алынған есептеулер келесі түрде өзгеруі керек:

а) бригадамен өндірілген оқшаулағыш материалдың өндіріс көлемі 15%; 20%; 30% артқан кезде;


б) бригадамен өндірілген оқшаулағыш материалдың өндіріс көлемі 10%; 15%; 20%; 30% кеміген кезде;

в) екінші разрядты жұмысшының қысқаруы;


г) төртінші разрядты жұмысшының қысқаруы.

3 Алынған нәтижелерді талдау

Алынған нәтижелерді талдау кезінде 2.2 бабына сәйкес өзгерістерді енгізгеннен кейін бригаданың әр мүшесінің еңбекақысының қалай өзгеретінін түсіндір.



94147,6032	12
97510,0176	16
100872,432	20
104234,8464	24



75654,324	10
71451,306	15
67248,288	20
58842,252	30

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ
ЖЫЛУЭНЕРГЕТИКА ФАКУЛЬТЕТІ**

«Менеджмент және кәсіпкерлік» кафедрасы

**«Отын энергетика кешенінің экономикасы» пәні бойынша
Зертханалық жұмыс №4**

**Орындаған: ТЭСк-14-1 тобы студенті
Акималь А.С.
Тексерген: аға оқытушы
Сатымова М.Е.**

Алматы, 2017 ж.